

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті**

Бекітемін

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университетінің Басқарма Төрағасы  
ректор, б.ғ.к., профессор Н.Х.Серғалиев

---

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

**«Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі»  
тақырыбында педагогтардың біліктілігін арттыру курсының  
бағдарламасы**

**Орал 2025 ж**

## Мазұмыны

1. Жалпы ереже
2. Глоссарий
3. Бағдарламаның тақырыбы
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижесі
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны
6. Оқу үрдісін ұйымдастыру
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
8. Оқу нәтижелерін бағалау
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі» біліктілікті арттыру курсы – қоғамдағы өзекті сұраныстарға жауап беретін, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыратын және құқықтық мемлекеттің негізін қалыптастыруға бағытталған маңызды білім беру құралы. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасында белгіленгендей, құқықтық сауаттылықты арттыру, Конституцияда белгіленген негіз қалаушы құндылықтарға сәйкес азаматтардың заңды әлеуметтік-белсенді мінез-құлқын қалыптастыру мақсатында құқықтық насихат пен құқықтық білім беруге байланысты жоспарлы жұмысты жалғастыру қажет. ҚР Президенті мен Үкіметінің жастар арасында құқықтық тәрбие мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту туралы бастамалары құқық пәнінің өзектілігін арттыра түседі. Мектеп қабырғасынан бастап құқықтық тәрбие беру – ұзақ мерзімді әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Қазақстанда білім беру жүйесі жаңартылған мазмұнға көшкендіктен, құқық пәнін оқытуда да жаңа әдістемелік тәсілдер қажет. Бүгінде құқықтық білім беру мұғалімдерден заманауи педагогикалық технологияларды, саралап оқыту, критериалды бағалау жүйесін қолдануды талап етеді. Оқушылардың құқықтық білімін арттыру арқылы олардың заңға құрметпен қарауын, өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуін қамтамасыз ету – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

БҰҰ, ЮНЕСКО, UNICEF секілді ұйымдар адам құқықтарын мектеп деңгейінен бастап оқытуды ұсынады. Курс мазмұнында БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, балалар құқықтары жөніндегі конвенция негізінде тақырыптар қамтылады. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына (SDG) сәйкес, құқық пәні оқушылардың әділеттілік пен бейбітшілікке бағытталған көзқарасын қалыптастыруы тиіс. Курс осы бағыттағы тәрбие мен білім беруді құқықтық пәндерге іріктіру жолдарын көрсетеді.

Жас ұрпақтың цифрлық кеңістікте қауіпсіз әрекет етуін үйрету – заманауи талап. Курста интернеттегі құқықтар мен міндеттер, кибербуллинг, желідегі этика сияқты тақырыптарды құқық пәніне кіріктіру жолдары қарастырылады.

Барлық оқушылардың құқықтық білімге тең қолжетімділігі қамтамасыз етілуі керек (қыз балалар, ерекше қажеттілігі бар оқушылар, т.б.). Бұл тренд курста инклюзивті білім беруді құқық пәнінде іске асыру әдістері арқылы қамтылады. Сонымен қатар курста мектеп мұғалімдеріне сапалы ғылыми жұмыстар жазудың әдістемесімен кеңірек талқылау қажеттілігі бүгінгі күннің талаптарының бірі болып табылады. Себебі заң салаларына салыстырмалы талдау жасай отырып, өз ойларын жазу әдебін қалыптастыру.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Термин	Анықтамасы
Құқықтық сана	Азаматтардың құқықтық нормаларды түсінуі мен қабылдауы
Құқықтық тәрбие	Жастарды заңға құрметпен қарауға, құқық бұзушылықтан алшақ болуға баулу процесі
Интерактивті әдістер	Оқушылармен белсенді өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асатын оқыту тәсілдері
Конституциялық құқық	ҚР Конституциясы мен оның қағидаларына негізделген құқық саласы
Кейс-әдіс	Нақты жағдайлар арқылы мәселені шешуге үйрететін оқыту әдісі
Әділет	Заңдылық пен теңдікке негізделген адамгершілік қағида
Билік	Қоғамда тәртіп пен басқаруды жүзеге асыратын саяси күш
Құқық	Мемлекетпен қамтамасыз етілген, қоғам мүшелерінің мінез-құлқын реттейтін міндетті нормалар жүйесі
Құқық бұзушылық	Заңмен тыйым салынған іс-әрекетті жасау
Құқықтық мемлекет	Заңның үстемдігі орнаған, азаматтардың құқықтары қорғалатын мемлекет түрі
Мемлекет	Белгілі бір аумақта билік жүргізетін, заң шығаратын және қоғамды басқаратын саяси ұйым
Сот	Заңды бұзған істерді қарайтын және әділдік орнататын мемлекеттік орган.
Жаза	Құқық бұзушылық үшін мемлекет қолданатын мәжбүрлеу шарасы
Әкімшілік құқық	Мемлекеттік басқару саласындағы қатынастарды реттейтін құқық саласы

### 3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

**Тақырыбы** – «Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі». Курстың жаңашылдық дәрежесі құқық пәнінің дәстүрлі оқыту тәсілдерінен интерактивті, құндылыққа негізделген, технологиямен ұштастырылған, тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшуімен ерекшеленеді.

Курс мазмұны ҚР орта білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнына негізделген. Блум таксономиясы, критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау және саралап оқыту секілді заманауи әдістемелермен сабақ жоспарлау дағдыларын дамытады.

Бағдарламаның жаңашылдығы – пән мұғалімдеріне геймификация, кейс-стади, дебат, ситуативті тапсырма, жобалық оқыту сияқты белсенді әдістерді құқықтық білімге бейімдеп қолдану жолдарын үйрету. Бұл оқушылардың сын тұрғысынан ойлау, өз пікірін дәлелдеу және шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, оқушыларға құқықтық білімді өмірлік жағдайлармен байланыстыра қолдану жолдарын үйрету жаңашыл көзқарас болып саналады.

Адам құқықтары, инклюзивті құқықтық тәрбие, цифрлық құқықтар, киберқауіпсіздік және әлеуметтік желідегі этика – курстың жаңаша бағыттары ретінде қарастырылады. Бұл әлемдік білім беру жүйесіндегі заң пәнінің дамуына сәйкес келеді.

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Практикалық сабақ, семинар	Жоба қорғау	Барлығы
<b>1 модуль. Заманауи құқықтық білім және қауіпсіздік дағдылары</b>					
	Құқық негіздері пәнінің мазмұны мен жаңаруы	2			2
	Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық-құқықтық реттелуі	4			4
	Құқықтық тәрбие мен мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу (мектеп оқушыларымен	4	2		6

	және ата-аналармен жұмыс; мектеп медиациясы; мектептегі психологиялық және құқықтық көмек көрсетудің негіздері)				
	Қаржылық және киберқауіпсіздік	4	2		6
<b>2 модуль. Құқықтық реттеу жүйесі: жария және жеке құқықтың интеграциясы</b>					
	Жария құқықтық салалар ұғымы мен ерекшеліктері (конституциялық, қылмыстық және әкімшілік құқық негіздері)		6		6
	Жеке құқықтық салалар ұғымы мен ерекшеліктері (азаматтық, еңбек, отбасы құқықтарының негіздері)		6		6
<b>3 модуль. Процессуалдық құқықтың даму динамикасы: заңнамалық өзгерістер мен құқық қолдану тәжірибесі</b>					
	Азаматтық істер бойынша сот өндірісі	4			4
	Қылмыстық істер бойынша сот өндірісі	4			4
	Әкімшілік істер бойынша сот өндірісі	4			4
	Ювеналдық юстиция (Кәмелетке толмағандар ісін азаматтық,	4			4

	қылмыстық және әкімшілік соттарда қарау ерекшеліктерінің кешенді зерттемесі)				
<b>4 модуль. Пәнді оқытудың әдістемелік және ғылыми негіздері</b>					
	Белсенді әдістерді қолдана отырып оқыту арқылы құқықтық дағдыларды дамыту		4	2	6
	Құқық негіздерін оқыту барысында жасанды интеллект құралдарын қолдану		4	2	6
	Ғылыми зерттеу дағдылары: эссе мен жобаларды жазу және қорғау әдістемесі		4	2	6
	Оқу-әдістемелік құралдардың жіктелуі және сапалы дайындау бойынша нұсқаулар				4
	Қорытынды тест және рефлексия, жоба қорғау				4
	<b>Барлығы</b>				<b>72</b>

#### **4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕСІ**

**Мақсаты** – Құқық негіздері пәнін оқыту барысында ғылыми әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана отырып, оқытудың теориялық және практикалық деңгейін көтеру, мұғалімдердің құқықтық білім беру саласындағы педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігін арттыру. Нақтырақ айтқанда, курс қатысушыларға:

- Құқық негіздерін оқытуда ғылыми көзқарастың мәнін, маңызын және принциптерін түсіндіру;
- Құқықтық білім беру процесінде ғылыми-зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын дамыту;
- Пәннің теориялық негіздерін практикалық сабақтарға тиімді енгізуді үйрету;
- Оқыту мазмұнын, әдістерін және құралдарын ғылыми тұрғыдан талдау мен жетілдіру қабілетін қалыптастыру;
- Құқық негіздерін оқытудағы заманауи педагогикалық технологиялар мен инновациялық тәсілдерді меңгеру.

**Міндеттері** – құқық негіздері пәнін оқытуда ғылыми әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру және педагогикалық үдерісті жетілдіруге бағытталған нақты іс-әрекеттерді орындау.

Негізгі міндеттеріне мыналар кіреді:

1. Құқық негіздері пәнін оқытудың ғылыми теориялық негіздерін зерделеу және түсіну.
2. Пәнді оқыту барысында ғылыми зерттеу әдістерін қолдану дағдыларын қалыптастыру.
3. Құқықтық білім беру мазмұнын, оқыту әдістерін және құралдарын ғылыми тұрғыдан талдау және жетілдіру.
4. Оқыту процесінде заманауи педагогикалық технологиялар мен инновациялық тәсілдерді пайдалану.
5. Оқушылардың құқықтық санасын ғылыми негізде дамыту үшін оқу материалдарын жүйелі және логикалық тұрғыда ұйымдастыру.
6. Оқыту сапасын арттыру мақсатында педагогикалық зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін практикада қолдану.
7. Құқық негіздерін оқытудағы ғылыми көзқарасты қалыптастыру және дамыту үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

1. **Оқу бағдарламаларын терең түсіну:**
  - Құқық негіздері пәнінің мазмұны мен құрылымын меңгереді.
  - ҚР білім беру стандарттарына сәйкес пән бойынша оқу жоспарларын әзірлей алады.
2. **Оқыту әдістемесін жетілдіру:**
  - Құқық пәнін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді, белсенді оқыту технологияларын қолдануды үйренеді.
  - Заманауи педагогикалық технологияларды (геймификация, кейс-стади, дебат, жобалық оқыту, т.б.) қолдана біледі.
3. **Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру:**

- Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жолдарын меңгереді.

- Азаматтық ұстанымды, құқықтық жауапкершілікті дамыту әдістерін қолдана алады.

4. **Сабақ жоспарын құру дағдылары**

- Сабақ жоспарларын құрастырып, критериалды бағалау жүйесін тиімді қолданады.

- Құқықтық тақырыптарға арналған сабақтарға интерактивті материалдар дайындай алады.

5. **Жаңартылған білім мазмұнына бейімделу**

- Жаңартылған білім беру мазмұны аясында құқық пәнін оқытудың ерекшеліктерін түсінеді.

6. **Практикалық дағдыларды жетілдіру**

- Нақты құқықтық жағдайларға талдау жасап, оқушылармен талқылай алады.

- Құқықтық іс-шаралар мен мектептегі тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастырады.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

№	Тақырыптар	Сағат саны	Форматы
1 модуль. Заманауи құқықтық білім және қауіпсіздік дағдылары			
1	Құқық негіздері пәнінің мазмұны мен жаңаруы	2	Дәріс
2	Адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық-құқықтық реттелуі	4	
3	Құқықтық тәрбие мен мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу (мектеп оқушыларымен және ата-аналармен жұмыс; мектеп медиациясы; мектептегі психологиялық және құқықтық көмек көрсетудің негіздері)	6	
4	Қаржылық және киберқауіпсіздік	6	
2 модуль. Құқықтық реттеу жүйесі: жария және жеке құқықтың интеграциясы			
6	Жария құқықтық салалар ұғымы мен ерекшеліктері (конституциялық, қылмыстық және әкімшілік құқық	6	Практикалық жұмыс

	негіздері)		
7	Жеке құқықтық салалар ұғымы мен ерекшеліктері (азаматтық, еңбек, отбасы құқықтарының негіздері)	6	Симуляциялық тапсырмалар
3 модуль. Процессуалдық құқықтың даму динамикасы: заңнамалық өзгерістер мен құқық қолдану тәжірибесі			
8	Азаматтық істер бойынша сот өндірісі	4	
9	Қылмыстық істер бойынша сот өндірісі	4	
10	Әкімшілік істер бойынша сот өндірісі	4	
11	Ювеналдық юстиция (Кәмелетке толмағандар ісін азаматтық, қылмыстық және әкімшілік соттарда қарау ерекшеліктерінің кешенді зерттемесі)	4	
4 модуль. Пәнді оқытудың әдістемелік және ғылыми негіздері			
12	Белсенді әдістерді қолдана отырып оқыту арқылы құқықтық дағдыларды дамыту	6	Практикум
13	Құқық негіздерін оқыту барысында жасанды интеллект құралдарын қолдану	6	
14	Ғылыми зерттеу дағдылары: эссе мен жобаларды жазу және қорғау әдістемесі	6	Топтық жұмыс
15	Оқу-әдістемелік құралдардың жіктелуі және сапалы дайындау бойынша нұсқаулар	6	
16	Қорытынды тест және рефлексия	2	Бақылау

## 6. ОҚУ ҮРДІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- **Формат:** күндізгі (офлайн және онлайн)
- **Ұзақтығы:** 72 академиялық сағат
- **Оқыту форматы:** дәріс, практикалық сабақтар, тренингтер, жобалық жұмыс
- **Оқыту тілі:** қазақ тілі, орыс тілі

## 7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

"Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі" біліктілікті арттыру курсының бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету үшін төмендегі негізгі құжаттар

мен материалдар қажет. Бұл тізім бағдарламаны сапалы жүзеге асыру және оқытушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында жасалған.

Курсты оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі теориялық материалдар негізінен төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттардан қалыптасады:

1. 1995 ж. 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
2. ҚР Президентінің 2021 ж. 15 қазандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы
3. 2007ж. 27 шілдедегі ҚР Білім туралы Заңы
4. 1994 ж. 27 желтоқсандағы ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім)
5. 1999 ж. 1 шілдедегі ҚР Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
6. 2014 ж. 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық кодексі
7. 2015 ж. 23 қарашадағы ҚР Еңбек кодексі
8. 2011 ж. 26 желтоқсандағы ҚР Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі
9. 2014 ж. 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
10. 2015 ж. 31 қазандағы ҚР Азаматтық-процестік кодексі
11. 2014 ж. 4 шілдедегі ҚР Қылмыстық-процестік кодексі
12. 1948 ж. 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы
13. 1989 ж. 20 қарашадағы Бала құқығын қорғау Конвенциясы
14. 1953 ж. 31 наурыздағы Әйелдер құқығы жөнінде Конвенция
15. 1952 ж. 20 желтоқсандағы Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция
16. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымша
17. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымша
18. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымша
19. Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 6-қосымша

Жинақталған материалдар негізінде Құқық негіздері пәнін оқыту қамтамасыз етеді:

- Сабақ жоспарын құрастыру әдістемесі
- Интерактивті оқыту технологияларын қолдану әдістемесі (кейс-стади, дебат, тренинг элементтері)
- Құқықтық сауаттылықты қалыптастыру әдістері

- Критериалды бағалау жүйесі

Курс барысында сонымен қатар электронды ресурстар және қосымшаларды қолдану көзделген:

- MOOC платформаларындағы құқықтық курстар (Coursera, Khan Academy, OpenEdu);

- Құқықтық ақпараттық жүйелер (e.gov.kz, adilet.zan.kz, ҚР Конституциялық Кеңесінің сайты)

- Презентациялар, бейнематериалдар, құқықтық фильмдер мен бейнедәрістер

Тыңдаушылардың практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін курс барысында қолданылады:

- Құқықтық тренингтер ұйымдастыру әдістемесі;

- Мектеп оқушыларымен құқықтық іс-шаралар өткізу (дөңгелек үстел, дебат, сайыс)

- Жергілікті құқық қорғау органдарымен серіктестік бағдарламалар

## **8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ**

"Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі" біліктілікті арттыру курсы бойынша оқу нәтижелерін бағалау – курс тыңдаушыларының теориялық білім мен практикалық дағдыларды қандай деңгейде меңгергенін анықтау процесі. Бұл бағалау курс соңындағы біліктілікті арттырудың тиімділігін өлшеуге мүмкіндік береді.

Бағалаудың мақсаты:

- Тыңдаушының құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесін меңгеру деңгейін анықтау;

- Оқу барысында алған білім мен дағдыларды практикалық қызметте қолдана алу қабілетін тексеру;

- Оқу үдерісінің сапасын жақсарту үшін кері байланыс алу.

Тыңдаушы курсты аяқтаған соң:

1. Құқық негіздері пәнінің мазмұнын, құрылымын және оқытудың дидактикалық негіздерін біледі;

2. Оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдана алады;

3. Құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған сабақ жоспарын құрастырып, сабақ өткізе алады;

4. Құқықтық тәрбиенің маңызын түсініп, мектеп жағдайында оны іске асыру жолдарын біледі;

5. Өзінің педагогикалық қызметінде критериалды бағалау жүйесін қолдана алады.

Курсты оқыту кезінде төмендегідей бағалау құралдары қолданылады:

✓Қорытынды тест – курс мазмұны мен әдістемесі бойынша көп нұсқалы және қысқа жауапты сұрақтар;

✓Сабақ жоспары (Lesson Plan) – тыңдаушы бір тақырып бойынша толық сабақ жоспарын әзірлейді;

✓ Педагогикалық жоба (міндетті емес, қосымша ретінде) - құқықтық тәрбие бойынша шағын жоба (мысалы, мектептегі құқықтық іс-шара жоспары)

### Бағалау критерийлері

№	Критерий	Сипаттамасы	Балл
1	Мазмұнның толықтығы	Теориялық материалды нақты, дәл қолдану	20
2	Оқыту әдістерін қолдану	Инновациялық әдістерді тиімді қолдануы	20
3	Сабақ құрылымы	Сабақ кезеңдерінің логикалық байланысы	20
4	Құқықтық тәрбие элементтері	Азаматтық-құқықтық тәрбие тәсілдері	10
5	Талдау және рефлексия	Ой қорыту, өзін-өзі бағалау	10
6	Техникалық рәсімделуі	Презентация, көрнекілік, уақытты сақтау	10
7	Жалпы әсер	Шығармашылық, қызығушылық тудыруы	10
	<b>Барлығы</b>		<b>100</b>

### Бағалау шкаласы

№	Баға	Балл аралығы	Сипаттамасы
1	5 (өте жақсы)	90–100	Барлық талаптар толық орындалған
2	4 (жақсы)	75–89	Кемшіліктері аз, мазмұн жеткілікті
3	3 (қанағаттанарлық)	60–74	Талаптардың тек бөлігі орындалған
4	2 (қанағат-сыз)	0–59	Оқу нәтижелеріне қол жеткізілмеген

## 9. КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Құқық негіздері пәнін оқыту әдістемесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан кейінгі сүйемелдеу (посткурстық қолдау) – тыңдаушылар алған білім мен дағдыларын тәжірибеде тиімді қолдануына жәрдемдесетін, кәсіби дамуды жалғастыруға бағытталған жүйелі жұмыс түрі.

Сүйемелдеудің мақсаты:

\* Курстан кейін тыңдаушылардың педагогикалық тәжірибесіне жаңа әдістемелерді сәтті енгізуін қолдау;

\* Қиындықтар туындағанда әдістемелік көмек көрсету;

\* Құқықтық білім беру сапасын арттыру;

\* Педагогтердің кәсіби қауымдастығын дамыту.

### Сүйемелдеу нысандары

№	нысаны	мазмұны	форматы
1	Әдістемелік қолдау	Сабақ жоспарына, құқықтық іс-шараларға түзету енгізуге көмек	Онлайн/офлайн кеңес
2	Вебинарлар, шеберлік сыныптар	Заманауи әдістерді қолдану бойынша қосымша оқыту	Zoom, Teams арқылы
3	Жұмыс топтары/қауымдастықтар	Пән мұғалімдері арасында тәжірибе алмасу	Telegram, WhatsApp топтары
4	Рефлексиялық кездесулер	Курс нәтижелері бойынша пікір алмасу, жетістіктер мен қиындықтарды талдау	Онлайн сессия
5	Кейс-сараптама	Шынайы педагогикалық жағдайлар бойынша шешімдер әзірлеу	Онлайн талқылау
6	Сабақтарға кері байланыс	Мұғалім өткізген сабақтарға сараптама, ұсыныстар	Видео немесе жоспар арқылы
7	Сауалнамалар мен мониторинг	Жаңа әдістерді енгізу барысын бақылау	Google Form, т.б.

### Сүйемелдеу құралдары

- Электронды платформа (мысалы, Google Classroom, Moodle) – материалдар мен тапсырмалар жинағы;
- Telegram/WhatsApp топтары – жедел байланыс және тәжірибе алмасу;
- Google Drive/Cloud – бірлескен жұмысқа арналған құжаттар;
- Онлайн кеңестер кестесі – сұрақ қою мен талқылауға арналған күндер.

### Сүйемелдеу кезеңдері

№	Кезең	Уақыты	Іс-шаралар
1	1-кезең: Бастапқы	Курс аяқталғаннан кейін 1 ай ішінде	- Педагогтерге әдістемелік ұсыныстар беру - Telegram тобына қосу - Сабақ жоспарына кері байланыс
2	2-кезең: Аралық	1–3 ай аралығы	- Онлайн вебинар - Кейс талдау - Оқытушы сұранысы бойынша кеңес
3	3-кезең: Қорытынды	3–6 ай аралығы	- Мониторинг сауалнамасы

			- Пікір алмасу кездесуі - Сәтті тәжірибелерді жинақтау
--	--	--	---

### **Тиімді сүйемелдеу үшін ұсыныстар:**

- Әр мұғалімнің жеке сұранысын ескеру;
- Сенімді кәсіби орта қалыптастыру;
- Ынтымақтастық пен шығармашылыққа негізделген қарым-қатынас орнату;
- Сәтті сабақ үлгілерін жинақтау және ортақ база жасау.

### **10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. 1995 ж. 30 тамыздағы ҚР Конституциясы
2. ҚР Президентінің 2021 ж. 15 қазандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасы
3. 2007ж. 27 шілдедегі ҚР Білім туралы Заңы
4. 1994 ж. 27 желтоқсандағы ҚР Азаматтық кодексі (жалпы бөлім)
5. 1999 ж. 1 шілдедегі ҚР Азаматтық кодексі (ерекше бөлім)
6. 2014 ж. 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық кодексі
7. 2015 ж. 23 қарашадағы ҚР Еңбек кодексі
8. 2011 ж. 26 желтоқсандағы ҚР Неке (Ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі
9. 2014 ж. 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
10. 2015 ж. 31 қазандағы ҚР Азаматтық-процестік кодексі
11. 2014 ж. 4 шілдедегі ҚР Қылмыстық-процестік кодексі
12. 1948 ж. 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы
13. 1989 ж. 20 қарашадағы Бала құқығын қорғау Конвенциясы
14. 1953 ж. 31 наурыздағы Әйелдер құқығы жөнінде Конвенция
15. 1952 ж. 20 желтоқсандағы Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция
16. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 3-қосымша
17. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымша
18. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 5-қосымша

19. Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына б-қосымша
20. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (Общая часть) (Ответственные редакторы: Сулейменов М.К., Басин Ю.Г.) // электрондық ресурс: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1019750](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1019750)
21. У.Нурмашев, Н.Жансеитов. Практикум по трудовому праву Республики Казахстан: учебное пособие. – 2-ое изд., перераб. – Алматы, : «N-PRESS», 2022
22. Хамзин А. Қазақстанның Еңбек құқығы. Жалпы бөлім. Оқулық – Алматы, 2019
23. Ищанов Г.С. «Административное право и административная юстиция в Республика Казахстан», Орал 2023
24. Ищанов Г.С. «Прокурорский надзор в Республика Казахстан», Орал 2024
25. Серикова Л.С., Нуржанова А.К. «Медияция азаматтық құқық пен процестің институты ретінде», Орал 2018ж
26. Базарғалиева Ж.А. Лицензионный договор как способ распоряжения интеллектуальными правами в области медицины в Российской Федерации и Республике Казахстан. Вестник экономики, права и социологии, 2021, № 1. Электрондық ресурс: <https://www.vestnykeps.ru/0121/35.pdf>
27. Базарғалиева Ж.А. Товарный знак как разновидность объектов интеллектуальной собственности в области медицины. Вопросы российского и международного права. 2022. Том 12. № 2А. С. 136-141. // Электрондық ресурс: <http://publishing-vak.ru/file/archive-law-2022-2/c8-bazargalieva.pdf>
28. Базарғалиева Ж.А. Способы защиты прав на объекты интеллектуальной собственности в области медицины. Право и государство: теория и практика. №4 (196), 2021. // электрондық ресурс: <https://elibrary.ru/contents.asp?id=46449059&selid=46449078>

**Бағдарламаны құрастырушылар:** Құқық білім беру бағдарламасының жетекшісі т.ғ.к., аға оқытушы Серикова Л.С. аға оқытушы Базарғалиева Ж.А. аға оқытушы Есенгазиева А.К.